

Түркістан қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 11 қарашадағы N 1101 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қарашада N 14-4-88 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 38 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2012.01.10 № 38 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы м ө л ш е р і н д е б е л г і л е н с і н .

2. Түркістан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (С.Арысбеков) осы қаулының 1-тармағына сәйкес бос жұмыс орындарына бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жолдамамен жіберуді жүзеге а с ы р с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды қала әкімінің орынбасары Ж . И б р а г и м о в к е ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден кейін күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі:

Қ.Молдасейтов

